

Ақтау қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 22 шілдедегі № 740 "Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны атқару үшін қоғамдық жұмыстардың түрлері мен нысандарын белгілеу туралы" қаулысының күшін жою туралы

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 11 наурыздағы № 277 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабының 8 тармағына және Маңғыстау облысының әділет Департаментінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 10-15-480 ұсынысына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтау қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 22 шілдедегі № 740 "Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны атқару үшін қоғамдық жұмыстардың түрлері мен нысандарын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу реестрінде № 11-1-91 тіркелген) қаулысының күші жойылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қала әкімінің м.а.

Р.Елтизаров